



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### ҚРҰБ қысқамерзімді ноталарын шығару бағдарламасын кеңейту туралы

Астана қ.

2026 жылғы 5 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі 2026 жылдың басынан бастап ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің тиімділігін арттыру аясында қысқамерзімді ноталар шығару бағдарламасын кеңейтеді.

Қазіргі уақытта айналымда қысқамерзімді ноталардың бір шығарылымы бар. Лимиттелген көлемі 500 млрд теңгеге дейін ноталардың айналым мерзімі – 1 ай.

2026 жылдан бастап 1 айлық ноталар **ай сайын** шығарылады, ал орналастырудың максимал көлемі 1 трлн теңгеге дейін ұлғайтылады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк максимал орналастыру көлемі 500 млрд теңгеге дейін, айналым мерзімі 3 айлық ноталарды ай сайын шығаруды жоспарлап отыр.

Қысқамерзімді ноталар шығарылымының ауқымы мен көлемін кеңейту ақша нарығындағы өтімділікті басқару тиімділігін арттыруға бағытталған.

Шығарылатын қысқамерзімді ноталардың егжей-тегжейлі кестесімен мына сілтемеге өтіп танысуға болады: <https://nationalbank.kz/kz/auction/auktion-nbk-po-razmeshcheniyu-kratkosrochnyh-not>.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)